



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

## ЗАМАНАУИ ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аманжолова Алмагуль Аманжоловна

[alm016@mail.ru](mailto:alm016@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының

3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Тусупбекова Шолпан Мукаметкановна

Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан ұлттық қолөнеріміз күні бүгінге дейін өзінің эстетикалық құндылықтарын өз бойына сақтап, қасиетін жоғалтпай жақсы сақталып мәдениет үлгісі ретінде аталып келді және халқымыздың тарихымен, тұрмыстағы әдет-ғұрып, салт-дәстүріне сай дамып, түрленіп, жетілдіріліп отырды.

Қолөнер, қолданбалы өнер-дәстүрлі тұтыну және сәндік бұйымдарын жасайтын ұсақ өндіріс. Қолөнершілер негізінен табиғи шикізаттарды пайдаланып, қарапайым еңбек құралдарының көмегімен көркем композицияның шешімімен тұрмысқа қажетті мүліктер, музыкалық аспаптар, қару-жарақ, құрал-саймандар жасайды. Әрбір қолөнер туындысы өз заманының материалдық мәдениетінің үлгісі және халық талғамының, әлеуметтік қоғамдық жағдайының, діни сенімінің, салт-дәстүрінің нақтылы көрінісі[1]. Қазақ халқының қолөнерінде киіз үй жабдықтарын, ағаш төсек жасау, түйін тую, ши орау, кесте тігу, өрмек тоқу, киіз басу, сондай-ақ моншак, білезік, сақина, сырға, алқа, шолпы сияқты зергерлік бұйымдар жасау кең дамыды.

Заманға сай қолөнердің бірнеше тармақтары бар және оның жасалу жолдары сан түрлі соның бірнешеуіне тоқтала кететін болсақ. Сондай-ақ осы қолданбалы өнердің заманауи бағытта әрленген түрлерін, сұранысқа қалай ие болатындығы және даму жолдары жіте зерттелді. Қазіргі таңда қолөнер бұйымдарын жасау жолында, алуан түрлі жабыдықтар бары және қолданылатыны бізге мәлім.

Тағы бір бағыты қазақ қыздарына бала кезінен үйреніп ыждахаттылық пен төзімділікті талап ететін қолөнер түрі-кесте тігу. Кесте тіге отырып, заманауи бағытта өрнектеп тігіп маржан тастар және моншақтармен әшекейлеп кестелеу бүгінгі күннің сән үлгісіне айналып отыр. Кесте қазақ халқының қолөнерінің ерекше түрінің бірі болып қалыптасты. Кесте өнері де бүгінгі күнге дейін жалғасып, толықтырылып, жаңғыртылып отырды. Дәстүр толысып кеменденуімен бірге өзінің көз тұнытар көркемдігімен, жан сергітер әсемдігімен, өміршендігімен халқымыздың тірлік-тынысына мән-мағына қосып, заттық және рухани өмірін әрлей түсті, сән-салтанатын арттырып отырды. Кесте өнерінің қыз баланың табанды, сабырлы мінез құлқын қалыптастыруға тигізетін пайдасы көп екендігін ертеден-ақ әжелеріміз біліп қыздардың психологиясының дұрыс қалыптасуына өз үлестерін қоса білген. Бойжеткен қыздар өз жасауларын кестелеп әшекейлей білген[3, 230 б]. Адамдардың эстетикалық талғамының артуы, замана ықпалы кестелеу өнерінің сан алуан түрін туындатып, халқымыздың заттық және рухани өмірін әрлей түсті.

Кесте түрлерінің өзі де сан алуан. Соның ішінде көбірек қолданылатын түрі:

**Айқас (крест) тігіс**-шыралжың инемен тігілетін кестенің көп тараған түрі, өрнек инемен біркелкі төрт бұрышты етіп бір жіптің үстінен екінші жіпті крест түрінде айқастырып бастырып отырады.

**Үшбасып (үшбасарлап тігу) тігу**-алдымен алғашқы екі жіпті крес түрінде тігіп алады да, соңғы үшінші жіпті соның белінен көлденен басып тігеді, нәтижесінде тең алты тармақ пішіні шығады. Бұл да көркем тігіске қолданылады.

**Төрт басып тігу, бесбарлап тігу**-үшбасып тігудің күрделі түрлері крес түріндегі тігістің үстінен басып тігеді. Екі түрлі жіппен айшықтап тігетін көркем тігіс түрлері.

**Зер**-алтын, күміс сияқты қымбат бағалы заттар жүгіртіп немесе жіптің сыртын солармен әшекейлеп жасаған сәндік бұйым, орыстар позумент дейді. Алтындатылған жіппен



тігілген (золотшвейные) бұйымдарды да қазақтар зер деп атайды. Зерленген дайын бұйымдардың үлкен-кішілігіне қарай зертаспа, ширатпа зер, оқа деп бөлінеді. Зерлеп тігу кесте өнерінде көп қолданылады. Көбінесе қымбат шапандар, дәулетті адамдардың бас киімдері, бағалы түскиіздер, қалталар зер жіптермен кестеленеді

**Шым ши**-сәндік бұйым. Түрлі түсті етіп боялған жүнді созып, алдын ала қабығы аршылып, кептірілген шиге тақта етіп орап токиды. Қазақтар мен қырғыздардың көшпелі тұрмысында кең тараған шым ши киіз үйдің сәнін келтіретін басты бөлшегінің бірі болып саналған. Түрлі өрнектерді шидің әр талына, күйдіріп, белгі салынған соң түрлі-түсті жүнмен орап тоқылатын, шым ши кереге сыртынан тұтылады. Бұл үй ішін сұқ көзден тазалап, қабырғаларын қалыңдатып, жылу сақтауға септігін тигізеді (1-сурет).

Қазіргі заманның суртешілері көне дәстүрлерді пайдалана отырып, шиден жаңа маңызы бар бұйымдар дайындайды. Мысалға, М. Нартов осы техниканы қолданып, гобеленмен, кигізбен қатар сән салтанатты, интерьерлерді көркемдейтін сәндік элемент бола алатын түрлі-түсті панно жасап жүр. Сондай-ақ шиден интерьерге арналған мағыналы да мазмұнды ою-өрнекті әртүрлі кермелердің варианттарын И. Кәрімов дайыдап жүр. Оның қол жеткізген соңғы жетістіктері пластикалық-образды сипаттағы станоктық шығармалар.



1-сурет. Шым ши технкасында жасалған бұйым

**Фетр матасы** XVII ғасырда пайда болды. Әдетте бұл матаны киіз түріне де жатқызады. Фетрдың қалың киізден айырмашылығы ол ешкінің, қоянның және құндыздың былғарысындағы жұқа жібек талшықтарынан жасалады. Әлі күнге дейін бұл технологиямен фетр қалпақтарын жасап шығаруда. Бұл керемет тамаша, жеңіл, әдемі және төзімді материал қазіргі заман талабына сай өзінің ерекшелігімен танымал болып отыр. Бұл мата 400 жыл бұрын пайда болды. Қазіргі заманауи технологияның көмегімен түрлі бұйымдарды жасау үшін пайдаланылып келеді, негізгі сипаттамалары оның тығыздығы мен құрамы болып табылады.

Сәндік қолданбалы өнер деп эстетикалық салаларға ие практикалық пайдалы заттар жасауды айтады. Бұл өнер өзінің табиғаты жағынан сәулет өнеріне жақын: онда пайда мен әсемдік бірлесіп жатады. Сәндік қолданбалы өнер халық шығармаларымен тығыз байланысты. Қазіргі кездегідей бұрынғы өткен заманда да адамдар өз тұрмысын өздері әсемдеуге ұмтылған. Сондай өнердің түрі **Decoupage**-нысан декорын, сурет немесе әшекей (әдетте ойып) салынған әртүрлі нысандарды безендіруге арналған техника, содан кейін алынған композицияны лакпен бояп тастайды. Енді бұл ескі техника қайтадан сәнді болды және әр түрлі елдерде әшекейлер, бас киімдер, қобдиша, ыдыс-аяқ, бумалар және т.б. кеңінен таралған, сондай-ақ эксклюзивті интерьер элементтерін жасағанда, сәнді аксессуарларды өндіру ретінде қолданылады. Енді дәстүрлі техника маталардан, майлықтардан және журналдардан алынған декупажды қосып, компьютерлік инновациялар енгізілді, бұл үш

өлшемді декупажды, сондай-ақ принтерде немесе көшіргіште басылған әртүрлі мазмұндағы суреттерді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұдан басқа да, күріш және декупациондық карталар белсенді қолданылады (2-сурет). Арнайы қағазда басып шығарылған арнайы дайындалған кескін. Әр түрлі материалдар кез-келген бетті сәндеуге мүмкіндік береді: шамдар, керамика, мата, ағаш, металл және тағы басқалар сондай-ақ, алтын жалату, көркем декупаж, көлемді декупаж (модельдік массаны және басқа материалдарды қолдану) сияқты түрлі әдістерді қолдану қиялға шексіз көлемді береді. Декупаждың ұзаққа созылған дәстүрінің қайта жаңғыруы осы ежелгі техникада жұмыс істейтін шеберлер санының өсуіне айтарлықтай әсер етті.

**Декупаждың түрлері.** Декупаждың бес негізгі түрі бар: тікелей (классикалық), кері, көлемді, түтіндік (көркем), декоративтік патча.

**Декупаждың стильдері.** Қазіргі уақыттағы танымал стильдердер: Прованс, Виктория стилі, ел, шеберлік, қарапайымдылық, әскери, этно. Бұл, ең алдымен, интерьерлер стилистикасындағы қазіргі үрдістерге байланысты.



2-сурет. Декупаж техникасындағы миниатюралық орындық

**Жасалу жолы.** Сәндік қолданбалы өнердің ерекшелігі сонда, оның мазмұн мәні, сәндеу мақсаты мен міндеттері бір-бірімен тығыз байланысты болып, жасалынған зат немесе бұйымның атымен, материал ерекшеліктерімен және олардың дайындалу техникасымен астасып жасады.

**Ілмекпен тоқыма тоқу түрі - ілмектің көмегімен бұйым жасау барысы.** Тоқу барсына ілмектің болаттан, пластмассадан және ағаштан жасалынған түрлерін және олардың жіптің жуан-жіңішкелігіне сәйкес түрлі нөмерлері пайдаланылады (3-сурет). Ілмекпен тоқу үшін кез келген жіпті пайдалануға болады: жүннен, мақтадан иірілген, жібек жіптер, синтетикалық және аралас жіптер. Әдетте үстіге киетін киімдерді бастау иірген, ал дастарқан, салфетка, сумка сияқты заттарды ширақ иірілген жіппен тоқиды. Бөлшектерінің сыртқы пішіні үлгі мен есепке сәйкес шалуды (петель) қосу, яки қысқарту, сирек те жиі тоқу (ілмек пен жіптің диаметріне қарай) арқылы жасалады [4].

**Тізбек (цепочка)** бірнеше үлпілдек шалудан жасалған тізбектер алғашқы қатар (немесе тоқылуға тиіс бар бұйымның бастапқы негізі) болып саналады. Ілмектің ұшына бір шалу жасайды да, жіпті ілмекке орап, алғашқы шалудың ортасынан өткізіп алады. Осылайша қайталана береді.

**Қысқа шалу (полустолбик).** Ілмекті тізбектегі 3-шалудың алдынан артына қарай

өткізеді. Содан соң ілмекке жіпті орап, оны ілмектегі екі шалудан өткізіп алады. Жай шалу (столбик без накида). Ілмекті тізбектет 3-шалудың алдынан кері қарай өткізеді. Ілмекке жіпті орап, шалып алады, сонан соң жіпті тағы орап, оны ілмектегі екі шалудан өткізіп алады.

**Нық шалу (прочный столбик).** Ілмектің сабына жіпті орап алып, ілмекті тізбектің 3-шалуына алдынан артына қарай өткізеді. Ілмекке жіпті орап шалып алады да, жіпті тағы да орап, енді оны ілмектегі үш шалудан өткізіп алады. Міне осындай тоқу әдістері сан алуан. Бүгінгі күнде тоқыма бұйымдары сәннің басты орындарында. Денеге жылы, жарасымды, ашық түсті тоқыма киімін киюді әркімде армандары анық.



3-сурет. Тоқылған сөмке

Қорыта келе айтарымыз, дәстүрлі технология кәсіби шеберлерінің творчествосы мен қазақтың ұлттық өнері тәсілдері сабақтасып, қазіргі заманмен үйлестік тауып, даму үшін жаңа қуатты серпіліске ие болды [313].

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ энциклопедиясы;
2. Э.Н. Баталова «Қазақтың кесте өнері» 30.06.09 Танымдық-көпшілік басылым;
3. Қ. Толыбаев «Бабадан қалған бар байлық» Алматы. 2000;
4. «Шаңырақ» үй-тұрмыс энциклопедиясы. Алматы. 1991 (1-й 3-д);
5. Қазақ Совет энциклопедиясы. Алматы – 1990.
6. Gina Lee. Making Memories Last (англ.). CBS News (17 September 2002). Проверено 10 ноября 2009. Архивировано 29 января 2012 года.
7. А. Краснов. Южноуральцы вспомнили старое хобби (рус.). ГТРК «Южный Урал» (21 июля 2009). Проверено 5 февраля 2010. Архивировано 29 января 2012 года.